

## Байсерке ауылдық округінің елді-мекендеріндегі жаңа көшелеріне ат қою туралы

Алматы облысы Іле ауданы Байсерке ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 05 қарашадағы N 1 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 12 желтоқсанда N 2236 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына және Іле ауданы әкімі жанындағы аудандық тіл және қоғамдық ономастика кеңесінің келісіміне сәйкес, сондай-ақ тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып Байсерке ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Байсерке ауылдық округіндегі Байсерке, Жаңадәуір, Жаңаталап, Ынтымақ, Көктерек, Әли ауылдарындағы жаңа көшелерге төмендегі аттары қойылсын:

1) Байсерке ауылының оңтүстігінде орналасқан көшелерге "Әнуар Молдабеков", "Әл-Фараби", "Алпамыс батыр", солтүстігінде орналасқан көшелерге "Тұрғанбек Қатаев", "Махмұд Қашқари", "Әбілхайыр хан", "Кенесары хан", "Ескелді би", батысында орналасқан көшелерге "Салқам Жәңгір", "Ақан сері", "Ақын Сара", "Біржан сал", "Міржақып Дулатов", "Жүсіпбек Аймауытов", "Мағжан Жұмабаев", "Мәди Бәпиұлы", "Бақтыбай Жолбарысұлы", "Қалқа Жапсарбаев", "Мұхамеджан Сералин", "Мүлік С ү р т і б а е в " .

2) Жаңадәуір ауылының шығысында орналасқан көшеге "Молодежная", батысында орналасқан көшелерге "Абдолла Қарсақбаев", "Мұқан Төлебаев", "Латиф Хамиди", "Кенен Әзірбаев", "Темірбек Жүргенов", "Балуан Шолақ", "Құдыс Қожамияров", "Зейнеп Қойшыбаева", "Шара Жиенқұлова", "Серке Қожамқұлов", "Есболған Жайсанбаев", "Қали Жантілеуов", "Мұстафа Өзтүрік", "Тұрар Рысқұлов", "Қазтуған".

3) Жаңаталап ауылының оңтүстігінде орналасқан көшелерге "Мұстафа Шоқай", "Санжар Асфендияров", "Мухамеджан Тынышбаев", "Нұрмолда Алдабергенов", "Ләззат Асанова", "Қайрат Рысқұлбеков", "Нұркен Әбдіров", "Рақымжан Қошқарбаев", "Қанафия Телжанов", "Баубек Бұлқышев".

4) Ынтымақ ауылының батысында орналасқан көшелерге "Ғали Орманов", "Төлеген Айбергенов", "Қасым Аманжолов", "Шона Смаханұлы", "Әбділда Тәжібаев", "Нұрсұлтан Әлімқұлов", "Әділбек Абайділданов", "Сейдахмет Бердіқұлов", "Жұматай Жақыпбаев", "Қанипа Бұғыбаева".

5) Көктерек ауылының солтүстігінде орналасқан көшелерге "Умбетей жырау", "Шалкиіз жырау", шығысында орналасқан көшелерге "Әміре Қашаубаев", "Төлеген

